

## **Қайырымдылық шартын жасасу туралы жария оферта**

«Қазақстан халқына» Қоғамдық қоры, жарғы негізінде әрекет ететін басқарма төрағасы Жәмішев Болат Бидахметұлы тұлғасында, бұдан әрі «Пайдаланушы» деп аталады, осы арқылы Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларына, сондай-ақ кез келген басқа азаматтық құқық субъектілеріне, бұдан әрі «Қайырымдылық жасаушы» деп аталады, бірлесіп «Тараптар» деп аталады, келесі шарттарда Ерікті қайырымдылыққа шарт жасасуды (бұдан әрі – Шарт) ұсынады.

### **1. Негізгі ұғымдар**

1. Шарттың мақсаттары үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) сайт – Пайдаланушының ресми ақпарат көзі болып табылатын <https://qazaqstanhalqyna.kz> интернет-ресурсы;

2) жарғылық қызмет – сайтта орналастырылған Пайдаланушының жарғысында жазылған Пайдаланушы қызметінің түрлері.

2. Шартта пайдаланылатын өзге де ұғымдар Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, «Қайырымдылық туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде көрсетілген мәндерде қолданылады.

### **2. Жария оферта туралы жалпы ережелер**

3. Осы ұсыныс Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 395-бабының 5-тармағына сәйкес жария оферта (бұдан әрі – Оферта) болып табылады.

4. Қайырымдылық жасаушының деректемелері сайтта орналастырылған Пайдаланушының есеп айырысу шоттарының біріне ақша аударуын жүзеге асыруы Офертаның акцепті болып табылады.

5. Бұл ұсыныстың акцепті Қайырымдылық жасаушы:

1) шарттың барлық талаптарымен танысты және келісті;

2) қайырымдылықтың өтеусіз сипатын растайды;

3) Пайдаланушының жарғылық қызметін қолдау мақсатында өз еркімен ақша қаражатын жіберді дегенді білдіреді.

6. Оферта сайтта жарияланған күннен кейінгі күннен бастап күшіне енеді. Оферта мәтінін Пайдаланушы алдын ала ескертусіз өзгерте алады және ол сайтта орналастырылған күннен кейінгі күннен бастап қолданылады.

7. Оферта мерзімсіз болып табылады және Оферта күшін жою туралы хабарлама сайтқа орналастырылған күннен кейінгі күнге дейін қолданылады. Пайдаланушы себебін түсіндірмей кез келген уақытта Офертаның күшін жоюға құқылы.

8. Офертаның бір немесе бірнеше шарттарының жарамсыздығы Офертаның барлық басқа шарттарының жарамсыздығына әкеп соқпайды.

9. Қайырымдылық жасаушы пайдаланушы тек Шартты орындау үшін пайдаланатын дербес деректерді өңдеуге және сақтауға рұқсат береді. Осы рұқсатнама, оның ішінде сайтта жеке тұлғаның тегін, атын, әкесінің атын және заңды тұлғаның (азаматтық құқықтың өзге де субъектісінің) атауын жариялауға келісімді қамтиды.

## **2. Шарттың мәні**

10. Қайырымдылық жасаушы ерікті қайырымдылық ретінде өзінің қолма-қол ақшасын Пайдаланушының есеп айырысу шотына аударады, ал Пайдаланушы қайырымдылықты қабылдайды және жарғылық қызметке пайдаланады.

11. Қайырымдылық жасаушы ерікті қайырымдылықтың мөлшерін дербес анықтайды.

## **3. Пайдаланушының міндеттері**

12. Пайдаланушы Қайырымдылық жасаушыдан шарт бойынша алынған ақшалай қаражатты қатаң түрде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес және жарғылық қызмет шеңберінде пайдалануға міндеттенеді.

13. Пайдаланушы өз жұмысы, мақсаттары мен міндеттері, іс-шаралары мен нәтижелері туралы ақпаратты сайтта және басқа да ашық көздерде жариялайды.

14. Пайдаланушы Қайырымдылық жасаушының алдында Шартта көрсетілген міндеттемелерден басқа өзге міндеттемелерді көтермейді.

## **4. Қорытынды ережелер**

15. Бұл ұсынысты Қайырымдылық жасаушымен акцептісі Қайырымдылық жасаушының осы ұсыныстың барлық ережелерімен және шарттарымен танысып, толық келіскенін және ерікті қайырымдылық туралы шарт жасасумен тең келетіндігін білдіреді.

16. Оферта Қайырымдылық жасаушының Пайдаланушының есеп шотына ақша аударуы арқылы ғана акцепттелуі мүмкін.

17. Офертаны акцепттелу күні және тиісінше Шарт жасасу күні Пайдаланушының банктік шотына ақша қаражатын аудару күні болып табылады.

18. Оферта 2023 жылдың 2 мамырында сайтта жарияланды.

19. Шарт жасасу орны Қазақстан Республикасының Астана қаласы болып саналады.

20. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің нормаларына сәйкес шарт жазбаша нысанда жасалған болып есептеледі.

## **5. Деректемелер**

«Қазақстан халқына» Қоғамдық қоры  
Астана қ., Есіл ауданы, проспект Қабанбай батыр даңғылы, 6/1.  
БСН 220140006999, КБе 18  
Email: [goldau@qazaqstanhalqyna.kz](mailto:goldau@qazaqstanhalqyna.kz)

KZ97601A871001692501 KZT  
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ  
БСК HSBKKZKX  
БСН 950341000052

KZ52722S000011856768  
KZT «KASPI BANK» АҚ  
БСК CASPKZKA  
БСН 971240001315

KZ078562203115118091  
KZT «Банк ЦентрКредит» АҚ  
БСК KCJBKZKX  
БСН 980640000093

KZ0896503F0010863168  
KZT «ForteBank» АҚ  
БСК IRTYKZKA  
БСН 990841000632

KZ34821AGLBY10000001  
KZT «Bank RBK» АҚ  
БСК KINCKZKA  
БСН 920440001102

KZ6594805KZT22034070  
KZT «Еуразиялық банк» АҚ  
БСК EURIKZKA  
БСН 010341002023

KZ66998BTV0001436729  
KZT «First Heartland Jysan Bank» АҚ  
БСК TSESKZKA  
БСН 040741000057

KZ4184905KZ558467000 KZT  
KZT «Нұрбанк» АҚ  
БСК NURSKZKX  
БСН 000441000049